



БҰЙРЫҚТАН КӨШІРМЕ

Тамды ауылы

№ 01-03-44/1

20.05.2022 жыл

2021-2022 оқу жылын аяқтау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында және «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ – нің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 1 -59§10 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 1) Оқу сабақтарының аяқталуы – 2022 жылғы 25 мамыр;
 - 2) 9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр-6 маусым аралығы;
 - 3) 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр-10 маусым аралығы;
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

 - 1) Қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін-жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр;
 - 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 31 мамыр;
 - 3) Орыс тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым;
 - 4) Таңдау пәні 9 «А» класы Қазақстан тарихы, 9 «Б» класы география (оқыту тілі бойынша) – 2022 жылғы 6 маусым;

11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

 - 1) Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2022 жылғы 27 мамыр;
 - 2) Қазақ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 30 мамыр;
 - 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2022 жылғы 2 маусым;
 - 4) Орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2022 жылғы 7 маусым;
 - 5) Таңдау пәні 11 «Б» класы Биология, География 11 «А» класы Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын), Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 10 маусым;
3. 9,11 сыныптардың білім алушыларын қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, 2022 жылғы 11-19 маусым аралығында өткізілсін:
4. Мектеп бойынша:

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан

